



С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық
Медицина Университеті

Тақырып: Қазақстандағы медициналық білім тарихы

Орындаған: Жүсіп.Д
Тексерген: Абиырова Н
ФакультетҚДС
Курс: 3
Тобы:13-001-01

•
•

Жоспар

Кіріспе.....	3
I Жалпы медицина туралы түсінік.....	4
II Қазақстанның материалдық-техникалық базасы жайлы мағлұмат.....	5-7
III Дүние жүзіндегі 2011 жылдың 10 медициналық жетістіктері.....	8
IV Қазақстанның медицина саласындағы жетістіктері.....	9-11
Терминологиялық сөздік.....	12
Қорытынды.....	13
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	14

Кіріспе

XXI ғасырдың дәрігері пациентті емдеуге қатысты ақпараттар ағынымен күнделікті кездесіп отырады. Мысалы, XX ғасырдың екінші жартысындағы дәрігер өз тәжірибесінде басты антиботик ретінде тек пенцилинді қолданса, ал XXI ғасырдың дәрігері антиботиктердің бірнеше түрлерін таңдау мен пациентке тиімді көмек көрсету кезінде дұрыс клиникалық шешім қабылдауға ие. Қазіргі таңдағы ақпараттық кеңістік пациенттің диагнозын анықтау мен емдеудің түрлі ұсынымдарынан тұрады және сол ұсынымдардың ішінен тиімдісін таңдау да дәрігерлерге қиындық туғызатыны да рас.

Денсаулық сақтау – мемлекет саясатының маңызды бағыттарының бірі. Мемлекет басшысы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» Қазақстан халқына жолдауында денсаулық сақтау ұйымдарының жаңартылуына, ауруханаларға жөндеу жұмыстарын жүргізуге, олардың заманауи құралдармен жабдықталуына, білікті мамандар даярлауға ерекше мән беріп отыр. Елбасымыз «XXI – ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» деп айтқанындай, заман талабына сәйкес, бәсекеге қабілетті, сапалы медициналық көмек көрсету үшін, ауруханаларымыз жыл сайын Республикалық және жергілікті бюджет есебінен бөлінген қаражат арқасында және демеушілік көмекпен қажетті медициналық құрал-жабдықтар, аппараттармен жабдықталады. 2010-2011 жылдар аралығында Республикалық бюджеттен 11 088 800 теңге, жергілікті бюджеттен 34 115 880 теңге, демеушілік көмектен 21 549 070 теңгеге медициналық құрал-жабдықтар, аппараттар алынды.

Жалпы алғанда денсаулық сақтау сапасындағы қордаланған мәселелерді түрлі елдердің медициналық көмек сапасын басқару жүйесінде қалыптасқан тәжірибені қолданып шешу халықаралық кеңесшілердің күшімен зерделенуде.

Медицина туралы түсінік

Медицина (лат. *medicina: medicus* — дәрігерлік, емдік) — адамдардың денсаулығын сақтау мен нығайту, сырқаттарды емдеу мен аурудың алдын алу, денсаулық және жұмысқа қабілеттілік жағдайында, адамзат қоғамында ұзақ өмір сүруге жетуді көздейтін тәжірибелік іс-әрекеттің және ғылыми білімдердің жүйесі. Дәлелді медицина – әрбір науқасты тексеру мен емдеуде қазіргі заманғы жетістіктерді қолдана отырып, халықаралық және отандық стандарттар талаптарын мүлтіксіз орындау. Сондай-ақ қазіргі кезде жан-жақты ақпараттандыру мен компьютерлік технология дамуының негізінде интеграциялар жүруде.



Медицина эмблемасы

Жалпы алғанда денсаулық сақтау сапасындағы қордаланған мәселелерді түрлі елдердің медициналық көмек сапасын басқару жүйесінде қалыптасқан тәжірибені қолданып шешу халықаралық кеңесшілердің күшімен зерделенуде. Соңғы 20 жылдағы «медициналық қызмет көрсету сапасы ұғымы» едәуір өзгеріске ұшырады. Медициналық көмектің жақсаруы дегенге жалпы көзқарас осы қызметті көрсететін ұжым деңгейінен адамдар командасы деңгейіне дейін, жалпылық деңгейінен жалқылық деңгейіне дейінгі қарқынды даму бағытына айналды.

Қазақстанның материалдық-техникалық базасы жайлы мағлұмат

Материалдық-техникалық базамыз жылдан-жылға жақсаруда. Емхана мен ауруханада диагностикалық-емдеу жұмыстарын бүгінгі таңның соңғы жетістіктеріне сәйкес атқаруға толық мүмкіншіліктер бар деп айтуға болады.

Биылғы жылы жаңадан алынған аппараттардың, яғни *газды анализатор, биохимиялық анализатор, билирубинометр, микроколориметр, фотозлектрлік фотометр*, емдеу-диагностика сапасын жақсартқаны анық, құрсақішілік инфекцияға және басқа жұқпалы ауруларға ИФА тексеруін жүргізіп, жаңа антибактериалдық емдер қолданылуда, әсіресе газды анализатордың жұмысы реанимация бөлімшесіне оң ықпалы көп.



Билирубинометр



Микроколориметр

Тыныс алу жүйесінің ауруларында **“Небулайзер”** аппараты кеңінен қолданылып, антибиотиктер электрофорез әдісімен бірге егіліп, оң нәтиже алынуда. Осы жылы алынған жаңа **«Биоптрон»** аппараты физиоємдердің түрлерін кеңейтті.

Ультрадыбыстық зерттеу кабинетінде 10 түрлі зерттеулер жасалып, саны былтырғы жылдан 22,4%-ке өсті. Ультрадыбыстық зерттеулерін кеңейтуді, яғни мойын омыртқасының зерттеулерін еңгізу жоспарлануда.

Биылғы жылы **доплермен** зерттеулер жасау эхокардиография тәсілі еңгізіліп, 1128 науқас балаға жүрек қан-тамыр жүйесінің ауруларын анықтауға оң ықпалын беріп тұр, оның ішінде 47 баладан біріншілік жүрек ақаулары осы зерттеу арқылы, аурулары нақтыланды.

Жапон гранты бойынша алынған **гастрофиброскоп аппаратын** балалардың асқазан-ішек жолдары ауруларын терең анықтап, емдеу барысына оң ықпал бергені сөзсіз.




Гастрофиброскоп аппараты



Допплер

Реанимация бөлімшесінде ауыр халдегі балаларға желдетілген жасанды демді ұзақ уақытқа және осы жағдайда диоксидин дәрісін асқынулардың алдын-алуға пайдалану, жаңа туған нәрестелерде «СИПАП» аппаратын қолдану, жаңадан алынған «Гемофеникс» аппараты арқылы нәрестелерге детоксикация жасау енгізілуі ұйымдастырылды.



«СИПАП» аппараты



«Гемофеникс» аппараты

Дүние жүзіндегі 2011 жылдың 10 медициналық жетістіктері туралы түсінік.


2011 жылдың 10 медициналық жетістіктері:

- 1) Қатерлі ісікті қадағалай алатын вакцина ойлап табылды;
- 2) Оттекті қажет етпейтін жасанды өкпе ойлап шығарылды;
- 3) Тұмаудың барлық түріне қарсы «суперантитело» табылды;
- 4) ЖИТС-ке қарсы вакцина әзірленуде;
- 5) Қандағы инфекцияны бірден анықтайтын микрочип ойлап шығарылды;
- 6) Шарап ішіп, мас болуға жол бермейтін таблетка ойлап табылды;
- 7) Көз қарашығының түсін 20 секундта өзгертуге мүмкіндік беретін технология дайындалып шығарылды;
- 8) Экрандағы бейнені үлкейтіп көрсететін суперлинза жасалып шығарылды;
- 9) Хирургтар гипсті қабықшамен (пленка) алмастыру жайлы ұсыныс жасады;
- 10) Ұзақ өмір сүру гені анықталды.

Қазақстанның медицина саласындағы жетістіктері туралы түсінік

Қазақстан мемлекеті медицина саласында қол жеткізген жетістіктерімен мақтана алады. Егемендік алған жылы елімізде жаңадан бірде-бір денсаулық ошағы салынбады. Ал 19 жылда 620 медициналық мекеме бой көтерген. Тіпті, кейінгі жылдары қазақстандықтардың жас ұзақтығы да ұлғайып, 68 жасқа жеткен. Ана өлімі айтарлықтай азайды.

Тәуелсіз алғашқы жылдарда ана өлімінің деңгейі мың адамға шаққанда, шамамен, 67 пайыздың аясында еді. 2010 жылы бұл көрсеткіш 44 пайызға азайып, 22 пайызды құрады. Ал сәби өлімінің көрсеткіші 1991 жылы мың балаға шаққанда, 27 пайыз болса, бүгінде 16,5 пайызға дейін төмендеп, едәуір азайған.



2012 жыл еліміздің медицина саласында нақты жетістіктерімен есте қалды. Отандық медицина тарихында бұрын-соңды болмаған бірқатар күрделі оталар жасалды.

Сондай-ақ ұлу жылы отандық медицина саласындағы бірқатар жетістіктерімен есте қалды. Оларды еселеу үшін ғалымдар мейлінше ұзақ жасаудың жолын іздестіруде. Осы бағытта жұмыс жасап жатқан «Назарбаев Университетінің» ғалымдары шұбат пен қымыздың қосындысынан «Нәр» атты биоөнімді жасап шығарды. Айтуларынша, ол адам ғұмырын ұзартпаса да, өмір сапасын жақсартуға септігін тигізеді.



Нәр атты биоөнім

Бұл өнімді аталған университеттің Өмір туралы ғылымдар орталығы әзірлеген болатын. Ол адамның денсаулығын жақсарту арқылы өмірін ұзартуға бағытталған. Өнім зертханалық сынақтан өтті. Қазіргі уақытта клиникалық сынаудан өтуде. «Нәр», ең біріншіден, денсаулық сапасын жақсартуға бағытталған. Ал денсаулық ұзақ өмір сүру кепілі

«Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау секторындағы технологияларды беру және институционалдық реформа жүргізу жөніндегі жобасы» «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға үлкен қолдау болды.

Жоба аясында отандық денсаулық сақтау саласын реформалаудың нақты жетістіктері мынадай:

- денсаулық сақтау саласын қаржыландырудың прогрессивтік әдістері енгізілуде;

- денсаулық сақтау саласының 3 мыңнан астам менеджері оқытылып, еліміздің 35 емдеу мекемесінің өкілі Финляндияға барып, біліктіліктерін көтеріп қайтты;

- денсаулық сақтау менеджерлері үшін Ұлыбританияның ұлттық кәсіби стандарттарына негізделген жаңа біліктілік талаптары әзірленді;

- аурухана секторын қайта құрылымдау жоспары, денсаулық сақтау саласында мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті дамыту тұжырымдамасы дайындалып жатыр;

- денсаулық сақтау саласындағы сапа жөніндегі халықаралық қоғамдастық 2012 жылы ауруханаларды аккредиттеудің жаңартылған қазақстандық стандарттарына 2016 жылға дейін сертификат табыстады;

- дәрігерлердің біліктіліктерін тәуелсіз бағалау үшін Республикалық білім және дағдылар орталығы құрылып, 6 медициналық жоғарғы оқу орны озық технологиялық оқыту симуляциялық құралғылармен жабдықталды;

- азаматтарды дәрімен қамтамасыз етудің қолжетімділігін және сапасын арттыру бағытында үлкен жұмыстар атқарылды;

- тағам қауіпсіздігі мәселелері бойынша заңнама үйлестіріліп, бақылау тиімділігін арттыру тетіктері әзірленді.

Нормативті құжаттар

«Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы - 2010 жылғы 29 қарашада қабылданған «Қазақстан Республикасының денсауық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

«Дағдарыстан жаңару мен дамуға» Қазақстан халқына жолдауы – 2009 жылы 6 наурызда Президент Нұрсұлтан Назарбаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына жариялаған Жолдауы.

«Қазақстан-2030 Стратегиясы» – ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы. 1997 жылы қазанда қабылданған.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің жобасы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1359 Қаулысы.

Терминологиялық сөздік

- 1. Антибиотиктер** (гр. *anti* — қарсы және гр. *bios* — тіршілік) — микроорганизмдердің өсуін, көбеюін тежейтін немесе тоқтататын микробтар, өсімдіктер мен жануарлар клеткасынан алынатын органикалық зат; микроағзалармен жоғары өсімдіктермен және жануарлармен микроағзаларды және ісік жасушаларының дамуын басатын және жоятын заттар.
- 2. Вакцина** (лат. *vacca* — сиыр, *vaccinus* — сиырдікі) — микроорганизмдерден алынып, адам мен жануарлар организміне жұқпалы аурулардан алдын ала сақтану және олардың иммундық қасиетін арттыру үшін егілетін препараттар.
- 3. Диагноз, ауруды анықтау** - тексерілетін адамның денсаулық жағдайын ауруын немесе өлімінің себептерін аурулардың атауларын, түрлері мен барысын, нұсқаларын медициналық терминдермен жазып көрсететін медициналық тұжырым.
- 4. Диагностика** (техникалық) — техникалық ақауларды іздестіруге және анықтауға арналған теория, әдістер және жабдықтар туралы ілім.
- 5. Инфекция** — микро және макроорганизмдердің қарым-қатынасының бір түрі.
- 6. Реанимация** (лат. *re* – қайта және лат. *animation* – жандандыру) – организмнің тіршілік етуіне қажетті ең маңызды органдар қызметінің бұзылуын не тоқтауын қалпына келтіру.
- 7. Трансплантация (ортағасырлық лат. *transplantatio* – ауыстырып салу)** – медицинада адам мен жануарларда органдар мен тіндерді ауыстырып салу.

Қорытынды

Қазіргі кезеңде медицина адамның биологиялық жаратылысын жетілдіру мүмкіншілігінің айқындылығын дәлелдеді. Мұнда әр адамның генетикалық және физиологиялық процестеріне әсер ету арқылы адам организміндегі үйлесімсіздік пен үйлеспеушілікті жою арқылы адамның физиологиялық және психикалық мүмкіншілігін дамытуға және оны сауықтырып, өмірін ұзартуға болатыны анықталды.

Денсаулық сақтау – мемлекет саясатының маңызды бағыттарының бірі. Жалпы барлық елдерде денсаулық сақтау ұйымдарының жанартылуына, ауруханаларға жөндеу жұмыстарын жүргізуге, олардың заманауи құралдармен жабдықталуына, білікті мамандар даярлауға ерекше мән беріп отыр.

Медицинадағы ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды үрдісі, ақпарат ауқымының жедел өсуі, жаңа мамандықтар мен медицина кадрларын сертификациялау және аттестациялау жүйесін енгізу медициналық білім беруді жетілдіру және медициналық білім берудің жаңа үлгісін жасау мәселелерін алдыңғы қатарға шығарып отыр. Қазақстанның медициналық білім беру жүйесі алдына үлкен мақсаттар қойып отыр. Ол – халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті мамандарды – медициналық кадрларды даярлау сапасын жақсарту, өнегелі өркенді дәрігер дайындау, Жаңа мыңжылдықта кадрларды даярлау үдерісі қазіргі білім беру ісін толықтай өзгертуді талап етеді. ХХІ ғасырда қоғам сұранысын қанағаттандыру үшін халықаралық дәрежедегі кәсіби мамандар қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.«Егемен Қазақстан» *газеті*,04.11.2011 ;
- 2.О.Д.Дайырбеков, Б.Е.Алтынбеков, Б.К.Торғауытов, У.И.Кенесариев, Т.С.Хайдарова Аурудың алдын алу және сақтандыру бойынша орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Шымкент. “Ғасыр-Ш”, 2005 жыл;
- 3.Жакыпов М.Х. О новых технологиях в управленческой деятельности, 2005. №1. С. 45-53;
- 4.Михайлов О.А. Электронные документы в архивах: Проблема приема; обеспечение сохранности и использования: Аналит. обзор зарубежного и отечественного опыта / О. А. Михайлов . - Изд. 3-е, перераб. и доп . - М: МАКС Пресс, 2002;
- 5.«ВЕСТНИК КАЗНМУ» , 19.01.2012;
- 6.www.sana.gov;
7. www.google.kz;